## "Кентауликвидрудник" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 23 шілде N 1048

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен "Кредиторлық берешекті өтеуді ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 мамырдағы N 569 P990569_ қаулысымен бекітілген 1999 жылы республикалық бюджетке несиелік берешектерді қайтару тәртібі туралы ереженің күшінің қолданылуын шаруашылық жүргізу құқығындағы " Кентауликвидрудник" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі - Кәсіпорын) ,

Кәсіпорынның республикалық бюджеттен нысаналы түрде қаржыландырылған табиғат және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға байланысты қызметті ғана жүзеге асырғандығын ескере отырып, қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Орынбекова Д.
Кобдалиева Н.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК